

**Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 2 маусымдағы № 233 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 5 шілдеде № 13878 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 4 тамыздағы № 289 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.08.2021 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қондырғы паспортының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 122-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8496 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 237 (28176) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қондырғы паспортының нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) "Парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11818 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 тамызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет - порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ Н. Айдапкелов

2016 жылғы 6 маусым

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 2 маусымдағы

Қазақстан Республикасы  
Қоршаған ортаны қорғау министрінің

2013 жылғы 15 мамырдағы  
№ 122-ө бұйрығына қосымша  
нысан

### Қондырғы паспорты

Индексі: № 1 нысан

Кезеңділігі: тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар

шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары қолданылатын  
алғашқы

жыл.

Ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасы Экологиялық  
кодексінің 94-2-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын  
квоталау жөніндегі талаптарына түсетін қондырғылар операторлары.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау  
саласындағы уәкілетті орган.

Тапсыру мерзімі: тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар

шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары қолданылатын  
алғашқы

жылдың бірінші сәуіріне дейін.

1. Қондырғы паспортының тіркеу нөмірі (уәкілетті органмен  
толтырылады) \_\_\_\_\_

2. Қондырғы паспортын толтыру күні \_\_\_\_\_

3. Қондырғы операторының толық атауы \_\_\_\_\_

4. Қондырғы операторының заңды мекенжайы \_\_\_\_\_

5. Телефон \_\_\_\_\_

6. Факс \_\_\_\_\_

7. Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

8. Қондырғы операторының бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі  
- БСН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

9. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша  
қондырғы операторының негізгі қызмет түрі \_\_\_\_\_

10. Тегі, аты, әкесінің аты қондырғы операторы басшысы - болған  
жағдайда (бұдан әрі - Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_

11. Қондырғы паспортын даярлауға жауапты адамның Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

12. Жауапты адамның байланыс деректері \_\_\_\_\_

13. Қондырғы бойынша деректер: \_\_\_\_\_

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы					
	Қондырғының атауы	Көздің атауы	Көздің №	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша қызмет түрі	Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы бойынша географиялық орналасқан жері	Парниктік газдар шығарындыларының көзі болып табылатын қолданылатын отын немесе өнеркәсіптік процесс түрі
А	Б	В	Г	Д	Е	Ж
1						
2						

14. Әрбір көз үшін қолданылатын технология, қуат пен жұмыстың уақыт кезеңінің сипаттамалары (бу мен ыстық су өндіру үшін қазандықтар, түрлі технологиялық процестер үшін қажетті жылу энергия көздері, цемент немесе балқыту пештері, көміртегі шикізаты тасымалдау үшін стационарлық жүйелер, алауларда ілеспелі газды жағу, парниктік газдар шығарындыларымен байланысты технологиялық процестер).

15. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар алуды (өзгеруді) негіздейтін есептер\*.

16. Қондырғы операторы басшысының қолы, мөр \_\_\_\_\_

17. Валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган

расталған

- 1) валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның толық атауы, БСН;
- 2) аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі және мерзімді;
- 3) валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның заңды мекенжайы;
- 4) телефон, факс;
- 5) электрондық пошта мекенжайы;
- 6) верификацияға жауапты адамның Т.А.Ә;
- 7) көлемдегі: \_\_ тонна көміртегі қос тотығының парниктік газдар шығарындылары;  
\_\_\_\_\_ тонна көміртегінің қос тотығына тең келетін ПГ жалпы шығарындылары растауы\*;
- 8) валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган басшысының қолы, мөр.

\*- квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде

пайдаланылуы Экологиялық кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілік субъектілерінің қондырғы операторлары үшін, жаңа қондырғы операторлар үшін және парниктік газдар шығарындыларына қосымша көлемді алу мақсатында толтырады.

### **"Қондырғы паспортының нысанын" толтыру бойынша түсініктеме**

1. Қондырғы паспорты (бұдан әрі - Паспорт) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабына сәйкес әзірленді.

2. Паспортты Экологиялық кодекстің 94-2-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарына түсетін қондырғылар операторлары, тиісті кезеңге бекітілген парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары қолданылатын алғашқы жылдың бірінші сәуіріне дейін ұсынады.

3. Паспорт мынадай түрде толтырылады:

1-бөлімде қондырғы паспортының тіркеу нөмірі көрсетіледі (уәкілетті орган толтырады);

2-бөлімде қондырғы паспортты толтыру күні көрсетіледі;

3-бөлімде қондырғы операторының толық атауы көрсетіледі;

4-бөлімде қондырғы операторының заңды мекенжайы көрсетіледі;

5-бөлімде байланыс телефоны көрсетіледі;

6-бөлімде қондырғы операторының факсы көрсетіледі;

7-бөлімде қондырғы операторының электрондық поштасы көрсетіледі;

8-бөлімде қондырғы операторының бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

9-бөлімде экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша қондырғы операторының негізгі қызмет түрі көрсетіледі;

10-бөлімде қондырғы операторы басшысының деректері көрсетіледі (Тегі, аты, әкесінің аты - болған жағдайда);

11-бөлімде жауапты тұлғаның деректер көрсетіледі (Тегі, аты, әкесінің аты - болған жағдайда);

12-бөлімде қондырғы паспортты даярлауға жауапты адамның байланыс деректері көрсетіледі.

4. 13-бөлімде қондырғы бойынша деректер көрсетіледі:

"Қондырғының атауы" деген Б-бағанда қондырғының атауы көрсетіледі;

"Көздің атауы" деген В-бағанда парниктік газдар шығарындыларының себебі болып табылатын көздің атауы көрсетіледі;

"Көздің №" деген Г-бағанда қондырғы операторында жасалатын және сақталатын олардың орналастыру сызбасына сәйкес көздің нөмірі 0001-ден 5999 араласында көрсетіледі. Жаңа көз пайда болған кезде оған ертеде

пайдаланылмаған нөмір беріледі. көз жойылған кезде, оның нөмірі бұдан әрі қолданылмайды;

"Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша қызмет түрі" деген Д-бағанда экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша қызмет түрі көрсетіледі;

"Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы бойынша географиялық орналасқан жері" деген Е-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы бойынша географиялық орналасқан жері көрсетіледі;

"Парниктік газдар шығарындыларының көзі болып табылатын қолданылатын отын немесе өнеркәсіптік процесс түрі" деген Ж-бағанда парниктік газдар шығарындыларының көзі болып табылатын қолданылатын отын немесе өнеркәсіптік процесс түрі көрсетіледі.

5. 14-бөлімде әрбір көз үшін қолданылатын технология, қуат пен жұмыстың уақытша кезеңінің сипаттамалары көрсетіледі.

6. 15-бөлімде парниктік газдар шығарындыларына квоталар алуды (өзгеруді) негіздейтін есептер көрсетіледі. Осы тармағы квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде пайдаланылуы Экологиялық кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілік субъектілерінің қондырғы операторлары үшін, жаңа қондырғы операторлар үшін және парниктік газдар шығарындыларына қосымша көлемді алу мақсатында толтырады.

7. 16-бөлімде қондырғы операторы басшысының қолы, тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты көрсетіледі, мөр қойылады.

8. 17-бөлімде валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның паспортты растауы көрсетіледі:

1) тармақшасында валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның толық атауы, БСН көрсетіледі;

2) тармақшасында аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі және мерзімі көрсетіледі;

3) тармақшасында валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның заңды мекенжайы көрсетіледі;

4) тармақшасында верификатордың телефоны, факсы көрсетіледі;

5) тармақшасында верификатордың электрондық поштасы мекенжайы көрсетіледі;

6) тармақшасында верификацияға жауапты адамның болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі;

7) тармақшасында көміртегі қос тотығының тоннасында парниктік газдар шығарындыларының расталған көлемі, және тонна көміртегінің қос тотығына тең келетін ПГ жалпы шығарындыларының расталған көлемі көрсетіледі. Осы тармағы квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде

пайдаланылуы Экологиялық кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілік субъектілерінің қондырғы операторлары үшін, жаңа қондырғы операторлар үшін және парниктік газдар шығарындыларына қосымша көлемді алу мақсатында толтырады;

8) тармақшасында валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган басшысының болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі, мөр қояды.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 2 маусымдағы  
№ 233 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
міндетін атқарушысының  
2015 жылғы 28 шілдедегі  
№ 502 бұйрығына  
1-қосымша

1-нысан

**Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есеп**

Индексі: № 1 нысан

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатын тұлғалар тобы: Экологиялық кодекстің 94-2-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарына түсетін қондырғылар операторлары.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган.

Тапсыру мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін.

**Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есеп**

1. Қондырғы операторының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі- БСН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

2. Қондырғы операторының заңды мекенжайы (аудан, қала, ауыл) \_\_\_\_\_

3. Экономикалық қызмет түрінің жалпы сыныптауышы бойынша парниктік газдар шығарындыларын квоталауды жүзеге асыратын қызмет түрі \_\_\_\_\_







1							
2							
3							

13. Қондырғы операторы басшысының қолы (ТАӘ, мөр

14. Есепті валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген

орган \_\_\_\_\_

растады

куәландыру деңгейімен (саналы немесе шектеулі) \_\_\_\_\_ растады

1) верификацияны жүзеге асыратын валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның толық атауы, БСН;

2) аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі және мерзімді;

3) валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның заңды мекенжайы;

4) телефон, факс;

5) электрондық мекенжайы;

6) верификацияға жауапты адамның ТАӘ

8) көлемдегі: \_\_\_\_\_ тонна көміртегі қос тотығының парниктік газдар шығарындылары;

\_\_\_\_\_ тонна көміртегінің қос тотығына тең келетін ПГ жалпы шығарындылары растауы;

9) валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган басшысының қолы (ТАӘ), мөр.

\*- валидацияны және верификацияны жүзеге асыратын тәуелсіз аккредиттелген ұйым парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті верификациялауды 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырады.

**"Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысанын" толтыру бойынша түсініктеме**

1. Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есебі (бұдан әрі - Нысан) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды Экологиялық кодекстің 94-2-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарына түсетін қондырғылар операторлары жыл сайын, есептіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынады.

3. Нысан келесідей түрде толтырылады:

1-бөлімде қондырғы операторының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2-бөлімде қондырғы операторының заңды мекенжайы (аудан, қала, ауыл) көрсетіледі;

3-бөлімде экономикалық қызмет түрінің жалпы сыныптауышы бойынша парниктік газдар шығарындыларын квоталауды жүзеге асыратын қызмет түрі көрсетіледі;

4-бөлімде парниктік газдарды түгендеу туралы есеп бойынша жауапты адам (Тегі, аты, әкесінің аты - болған жағдайда);

5-бөлімде парниктік газдарды түгендеу туралы есеп беру бойынша жауапты адамның байланыс деректері көрсетіледі;

6-бөлімде есептік жыл көрсетіледі.

4. 7-бөлімде стационарлық көздер немесе стационарлыққа теңестірілген мобильді көздер бойынша есептік жыл ішіндегі парниктік газдар шығарындыларының нақты көлемі көрсетіледі:

"Қондырғының атауы" деген Б-бағанда қондырғының атауы көрсетіледі;

"Көздің атауы" деген В-бағанда парниктік газдар шығарындыларының себебі болып табылатын көздің толық атауы көрсетіледі;

"Көздің №" деген Г-бағанда қондырғы операторында жасалатын және сақталатын олардың орналастыру сызбасына сәйкес көздің нөмірі 0001-ден 5999 араласында көрсетіледі. Жаңа көз пайда болған кезде оған ертеде пайдаланылмаған нөмір беріледі. Көз жойылған кезде, оның нөмірі бұдан әрі қолданылмайды;

"Көміртегі қос тотығы шығарындыларының көлемі, тонна" деген 7.2-бағанда көміртегі қос тотығы шығарындыларының көлемі тоннада көрсетіледі;

"Метан шығарындыларының көлемі" деген баған 3 пен 4-ші бағанға бөлінеді: 3 бағанда метан шығарындыларының көлемі тоннада көрсетіледі; 4 бағанда көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін метан шығарындыларының көлемі көрсетіледі;

"Азот қышқылы шығарындыларының көлемі" деген баған 5 пен 6-ші бағанға бөлінеді: 5 бағанда азот қышқылы шығарындыларының көлемі тоннада көрсетіледі; 6-бағанда көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін азот қышқылы шығарындыларының көлемі көрсетіледі;

"Перфторкөміртегілері шығарындыларының көлемі" деген баған 7 және 8-ші бағанға бөлінеді: 7-бағанда Перфторкөміртегілері шығарындыларының көлемі тоннада көрсетіледі; 8-бағанда көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін Перфторкөміртегілері шығарындыларының көлемі көрсетіледі;

"Көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін парниктік газдар шығарындыларының көлемі, барлығы" деген 7.9-бағанда әрбір көздің барлық

парниктік газдары бойынша жалпы көлемі көрсетіледі. Көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін парниктік газдар шығарындыларының көлемі көрсетіледі;

"Көміртегі қос тотығы шығарындыларының барлық көздер бойынша жалпы көлемі, тонна" деген 7.10-бағанда барлық көздер бойынша көміртегі қос тотығы шығарындыларының жалпы көлемі көрсетіледі;

"Көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін барлық көздер бойынша парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі" деген 7.11-бағанда көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін барлық көздер бойынша парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі көрсетіледі.

5. 8-бөлімде пайдаланылған есептеудің деңгейімен әрбір пайдаланылған есептеу әдістемесінің толық атауы көрсетіледі.

6. 9-бөлімде есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттер көрсетіледі:

"Қондырғының атауы" деген Б-бағанда қондырғының атауы көрсетіледі;

"Көздің атауы" деген В-бағанда парниктік газдар шығарындыларына көздері болып табылатын толық атауы көрсетіледі;

"Көздің №" деген Г-бағанда қондырғы операторында жасалатын және сақталатын олардың орналастыру сызбасына сәйкес көздің нөмірі 0001-ден 5999 араласында көрсетіледі. Жаңа көз пайда болған кезде оған ертеде пайдаланылмаған нөмір беріледі. Көз жойылған кезде, оның нөмірі бұдан әрі қолданылмайды;

"Тұтынылған отын" деген баған 2 және 3 бағандарға бөлінеді: 2-бағанда пайда болған тұтынылған отынның түрі көрсетіледі, 3-бағанда натуралды бірлікте пайда болған тұтынылған отынның нақты көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда өндірілген өнім" деген баған 4,5 және 6 бағандарға бөлінеді: 4-бағанда өндірілген өнімнің түрі көрсетіледі, 5-бағанда натуралды бірлікте өндірілген өнімнің мөлшері көрсетіледі, 6-бағанда әрбір өндірілген өнімнен парниктік газдар шығарындыларының көлемі тоннада көрсетіледі;

"Есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттер" деген баған 7,8,9- бағандарға бөлінеді: 7-бағанда жылу шығару нетто-мағынасының коэффициенті, тонна отынға терраДжоуль бірліктерінде көрсетіледі; 8-бағанда тотығы коэффициенті отын жағу жағдайында немесе өзгеру коэффициенті өнеркәсіптік процестер жағдайында көрсетіледі; 9-бағанда көміртегі шығарындыларының коэффициенті, терраДжоуль тоннасында немесе өнім бірлігін көрсетіледі.

7. 10-бөлімде есептік жыл ішінде қондырғылар деректерінің өзгеруі көрсетіледі:

"Қызмет түрі" деген Б-бағанда өзгерген қызмет түрі көрсетіледі;

"Есептік жыл ішіндегі қондырғылар деректерінің өзгеруі" деген В-бағанда есептік жыл ішіндегі қондырғылар деректерінің өзгеруі сипатталады;

"Ескертпе" деген Г-бағанда ескертпелер көрсетіледі;

"сатып алу" деген 10-1 жолында есептік жылы болған сатып алу көрсетіледі;  
"иеліктен алу" деген 10-2 жолында есептік жылы болған иеліктен алынғандар көрсетіледі;

"аутсорсинг" деген 10-3 жолында есептік жылы болған аутсорсинг көрсетіледі;

"өндірісті қысқарту" деген 10-4 жолында қысқартылған өндіріс көрсетіледі;

"өндірісті кеңейту" деген 10-5 жолында болған өндірісті кеңейту көрсетіледі;

"энергияны тиімді пайдалану және энергияны үнемдеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру, басқа технология немесе отынға көшу" деген 10-6 жолында энергияны тиімді пайдалану және энергияны үнемдеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру, басқа технология немесе отынға көшу көрсетіледі;

"парниктік газдар шығарындыларын (парниктік газдар көлемі) азайту бойынша ішкі жобаларды жүзеге асыру" деген 10-7 жолында парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша ішкі жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде қысқартылған парниктік газдар көлемі көрсетіледі;

"есептеу әдіснамасының (мониторинг жоспарының өзгеруі (иә/жоқ" деген 10-8 жолында есептеу әдіснамасының өзгертілгені немесе өзгертілмегені көрсетіледі ;

"басқалар" деген 10-9 жолында есепті жыл ішінде қондырғылар бойынша болған басқа өзгерістер көрсетіледі.

8. 11-бөлімде әр қондырғы үшін көміртегі бірліктері бойынша мәліметтер ( алынған, сатып алынған, иеліктен шығарылған және берілген) көрсетіледі:

"Көміртегі бірлігінің түрі" деген Б-бағанда көміртегі бірлігінің түрі көрсетіледі;

"Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне алынған көміртегі бірлігі" деген 11.1-бағанда квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне алынған квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне қалған көміртегі бірлігі" деген 11.2-бағанда тиісті кезеңге квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне қалған көміртегі бірлігі көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда қосымша көлемді алған" деген 11.3-бағанда есептік жылда қосымша көлемді алған көміртегі бірлігі көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда сатып алынған" деген 11.4-бағанда есептік жылда сатып алынған квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда сатып алу жоспарланған квота бірліктері" деген 11.5-бағанда есептік жылда сатып алуға жоспарланған квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда алу жоспарланған ішкі азаюының бірлігі" деген 11.6-бағанда есептік жылда алу жоспарланған ішкі азаюының бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда иеліктен шығарылған" деген 11.7-бағанда есептік жылда иеліктен шығарылған квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда иеліктен шығару жоспарланған" деген 11.8-бағанда есептік жылда иеліктен шығару жоспарланған квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда квотаны өтеу үшін берілген" деген 11.9-бағанда есептік жылда квотаны өтеу үшін берілген квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда квотаны өтеу үшін беру жоспарланған" деген 11.10-бағанда есептік жылда квотаны өтеу үшін беру жоспарланған квота бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Квота бірліктері" деген 11-1 жолында Б-11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.7, 11.8, 11.9, 11.10 бағандары бойынша квота бірліктерінің жалпы көлемі көрсетіледі;

"Шығарындылардың ішкі азаюының бірліктері" деген 11-2 жолында Парниктік газдар шығарындыларының ішкі азаюы бірліктерінің көлемі көрсетіледі;

"Барлығы" деген 11-3 жолында Б-11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9, 11.10 бағандары бойынша квота бірліктерінің жалпы көлемі көрсетіледі.

9. 12-бөлімде есептік жыл ішінде мониторинг жоспарындағы өзгерістер көрсетіледі:

"Қондырғының атауы" деген Б-бағанда қондырғының атауы көрсетіледі;

"Көздің атауы" деген В-бағанда парниктік газдар шығарындыларының себебі болып табылатын көздің толық атауы көрсетіледі;

"Көздің №" деген Г-бағанда қондырғы операторында жасалатын және сақталатын олардың орналастыру сызбасына сәйкес көздің нөмірі 0001-ден 5999 араласында көрсетіледі. Жаңа көз пайда болған кезде оған ертеде пайдаланылмаған нөмір беріледі. Көз жойылған кезде, оның нөмірі бұдан әрі қолданылмайды;

"Мониторинг жоспарына сәйкес мерзімділік" деген Д-бағанда мониторинг жоспарына сәйкес мерзімділік көрсетіледі;

"Мониторинг жоспарынан ауытқу" деген Е-бағанда мониторинг жоспарынан ауытқу көрсетіледі;

"Ауытқу себептері" деген Ж-бағанда мониторинг жоспарынан ауытқу себептері көрсетіледі;

"Ескертпе" деген З-бағанда ескертпелер көрсетіледі.

10. 13-бөлімде қолы, қондырғы операторы басшысының болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі, мөр қойылады.

11. 14-бөлімде парниктік газдар шығарындыларына түгендеу туралы есепті валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның растауы көрсетіледі:

куәландыру деңгейі (саналы немесе шектеулі) көрсетіледі;

- 1) тармақшасында верификацияны жүзеге асыратын валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның толық атауы, БСН көрсетіледі;
- 2) тармақшасында аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі және мерзімді; көрсетіледі;
- 3) тармақшасында валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның заңды мекенжайы көрсетіледі;
- 4) тармақшасында телефон, факс көрсетіледі;
- 5) тармақшасында электрондық мекенжайы көрсетіледі;
- 6) тармақшасында верификацияға жауапты адамның болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі;
- 8) тармақшасында көміртегі қос тотығының тоннасында парниктік газдар шығарындыларының расталған көлемі, және тонна көміртегінің қос тотығына тең келетін парниктік газдар жалпы шығарындыларының расталған көлемі көрсетіледі;
- 9) тармақшасында валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган басшының болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі, мөр қояды.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 2 маусымдағы  
№ 233 бұйрығына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
міндетін атқарушысының  
2015 жылғы 28 шілдедегі  
№ 502 бұйрығына  
2-қосымша

2-нысан

## **Әкімшілік субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есеп**

Индексі: № 2 нысан

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатын тұлғалар тобы: Экологиялық кодекстің 94-6-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарына түсетін қондырғылар операторлары.

Қайда ұсынылады: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне.

Тапсыру мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін.





Жол коды	Қондырғының атауы	Көздің атауы	Көздің №	түрі	Нақты көлемі (натуралды бірлікте)	түрі	мөлшері (натуралды бірлікте)	парниктік газдар шығарындыларының көлемі (тонна)	Жылу шығару нетто-магнасының коэффициенті, тонна отынға терраДжоуль)	(оты жағ, нем коэ (өне про жағ,
А	Б	В	1	2	3	4	5	6	7	8
1										
2										

### 10. Ішкі азаюының бірліктері бойынша мәліметтер (алынған және иеліктен шығарылған)

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы			
	Көміртегі бірлігінің түрі	Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу алынған ішкі азаюының бірлігі	Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының кезеңіне қалған ішкі азаюының бірлігі	Есептік жылда иеліктен шығарылған ішкі азаюының бірлігі
А	Б	1	2	3
1	Ішкі азаюының бірліктері			

### 11. Қондырғы операторы басшысының қолы (ТАӘ, мөр.

#### "Әкімшілік субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысанын" толтыру бойынша түсініктеме

1. Әкімшілік субъектілері үшін парниктік газдарды түгендеу туралы есебі (бұдан әрі - Нысан) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды Экологиялық кодекстің 94-б-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарына түсетін қондырғылар операторлары жыл сайын, есептіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынады.

3. Нысан келесідей түрде толтырылады:

1-бөлімде қондырғы операторының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2-бөлімде қондырғы операторының заңды мекенжайы (аудан, қала, ауыл) көрсетіледі;

3-бөлімде экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша қызмет түрі көрсетіледі;

4-бөлімде парниктік газдарды түгендеу туралы есеп бойынша жауапты адамның болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі;

5-бөлімде газдарды түгендеу туралы есеп беру бойынша жауапты адамның байланыс деректері көрсетіледі;

6-бөлімде есептік жыл көрсетіледі.

4. 7-бөлімде стационарлық көздер немесе стационарлыққа теңестірілген мобильді көздер бойынша есептік жыл ішіндегі парниктік газдар шығарындыларының нақты көлемі көрсетіледі:

"Қондырғының атауы" деген Б-бағанда қондырғының атауы көрсетіледі;

"Көздің атауы" деген В-бағанда парниктік газдар шығарындыларының себебі болып табылатын көздің толық атауы көрсетіледі;

"Көздің №" деген Г-бағанда қондырғы операторында жасалатын және сақталатын олардың орналастыру сызбасына сәйкес көздің нөмірі 0001-ден 5999 араласында көрсетіледі. Жаңа көз пайда болған кезде оған ертеде пайдаланылмаған нөмір беріледі. Көз жойылған кезде, оның нөмірі бұдан әрі қолданылмайды;

"Көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін барлық көздер бойынша парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі" деген 7.11-бағанда көміртегі қос тотығы тоннасына тең келетін барлық көздер бойынша парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі көрсетіледі.

5. 8-бөлімде пайдаланылған есептеудің деңгейімен әрбір пайдаланылған есептеу әдістемесінің толық атауы көрсетіледі.

6. 9-бөлімде есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттер көрсетіледі:

"Қондырғының атауы" деген Б-бағанда қондырғының атауы көрсетіледі;

"Көздің атауы" деген В-бағанда парниктік газдар шығарындыларына көздері болып табылатын толық атауы көрсетіледі;

"Көздің №" деген Г-бағанда қондырғы операторында жасалатын және сақталатын олардың орналастыру сызбасына сәйкес көздің нөмірі 0001-ден 5999 араласында көрсетіледі. Жаңа көз пайда болған кезде оған ертеде пайдаланылмаған нөмір беріледі. Көз жойылған кезде, оның нөмірі бұдан әрі қолданылмайды;

"Тұтынылған отын" деген баған 2 және 3 бағандарға бөлінеді: 2-бағанда пайда болған тұтынылған отынның түрі көрсетіледі, 3-бағанда натуралды бірлікте пайда болған тұтынылған отынның нақты көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда өндірілген өнім" деген баған 4,5 және 6 бағандарға бөлінеді: 4-бағанда өндірілген өнімнің түрі көрсетіледі, 5-бағанда натуралды бірлікте өндірілген өнімнің мөлшері көрсетіледі, 6-бағанда әрбір өндірілген өнімнен парниктік газдар шығарындыларының көлемі тоннада көрсетіледі;

"Есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттер" деген баған 7,8,9- бағандарға бөлінеді: 7-бағанда жылу шығару нетто-мағынасының коэффициенті, тонна отынға терраДжоуль бірліктерінде көрсетіледі; 8-бағанда тотығы коэффициенті

отын жағу жағдайында немесе өзгеру коэффициенті өнеркәсіптік процестер жағдайында көрсетіледі; 9-бағанда көміртегі шығарындыларының коэффициенті, терраДжоуль тоннасында немесе өнім бірлігін көрсетіледі.

7. 10-бөлімде есептік жыл ішінде қондырғылар деректерінің өзгеруі көрсетіледі:

"Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне алынған ішкі азаюының бірлігі" деген 10.1-бағанда квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне алынған ішкі азаюының бірліктері көлемі көрсетіледі;

"Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне қалған ішкі азаюының бірлігі" деген 10.2-бағанда тиісті кезеңге квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне қалған ішкі азаюының бірлігі көлемі көрсетіледі;

"Есептік жылда иеліктен шығарылған ішкі азаюының бірлігі" деген 10.3-бағанда есептік жылда иеліктен шығарылған ішкі азаюының бірліктері көлемі көрсетіледі.

8. 11-бөлімде қондырғы операторы басшысының болған жағдайда тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі, мөр қойылады.